


«Келісілді»

Директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары  Искакова А.А.
«31» «08» 2023 жыл



Смагулова Р.Н.

«01» «09» 2023 жыл

**«Адам және табиғат»
үйірме жұмысының жоспары
2023-2024 оқу жылы**

Жетекшісі: Алпысова Г.К.

Пікір

5-6-ші сыныптар үшін ұсынылып отырған «Адам және табиғат» үйірмесінің оқушылардың жаратылыстану пәнінен алған білімдерін толықтыру үшін алатын орны маңызды.

Елімізде соңғы жылдары туындап отырған қоршаған ортаға қатысты проблемалар олардың тек қана нарықтық-экономикалық факторларға ғана емес, әлеуметтік-психологиялық факторларға да тәуелді екенін көрсетіп отыр.

Осы орайда экология ғылымы бүгінгі таңда халықаралық, мемлекеттік және қоғамдық деңгейдегі мәселелерді зерттейтін кешенді ғылымға айналды.

Республикамызда білім беруді оңтайландыру процестері қолға алынуда. Осыған орай оқушыларға мектеп қабырғасында экологиялық білім берудің ең ұтымды әрі экономикалық жағынан тиімді жолдарын іздеу міндеті тұр.

Ол үшін пәнаралық және пәндерді экологияландыру арқылы факультатив сабақ ретінде білім берген дұрыс. Бұл курстың мектебіміздегі пәндерді экологияландыру мәселесін шешудегі үлесі зор.

Бағдарлама құрылымы кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды бөлімдерден тұрады. Мұнда, қоғам мен табиғат арасындағы байланыс, дүниежүзілік экологиялық проблемалар, табиғатты қорғау, табиғат қорларын тиімді пайдалану сияқты мәселелер қамтылған.

Экологиялық таза ортаны сақтау, бұл адам-қоғам-табиғат арасындағы үйлесімділікті, біртұтастықты үйлестіру болып табылады. Сондықтан, болашақ ұрпақ қоршаған ортаның келешек үшін қажеттігін сезінеді.

Түсінік хат

Еліміздің білім беру жүйесінде бүгінгі күннің талабына сай оқытудың жаңа мазмұндағы үрдістері дүниеге келді. Дүниежүзілік тәжірибелер негізінде білім беруді қайта құру міндеті алға қойылды.

Білім беру жүйесіндегі жаңа өзгерістер білім бағыттарын ізгілендіру мен оны теориялық – әдістемелік тұрғыда тереңдетуді көздейді. Сондай-ақ ұрпақтардың білімі мен біліктілігі туған елінің көкейкесті проблемалары мен саяси – әлеуметтік жағдайларын жақсарту және қолдау көрсетудегі жауапкершілігін сезіндіруі тиіс. Сонымен қатар, жас ұрпақты туған өлкесінің табиғатын қорғау мен экологиялық проблемаларын шешуге жұмылдыру қажет.

Осы орайда экология ғылымы бүгінгі таңда халықаралық, мемлекеттік және қоғамдық деңгейдегі мәселелерді зерттейтін кешенді ғылымға айналды.

Осы жағдайлардың барлығы жалпы білім беретін оқу орындарында экология пәнін енгізудің қажеттігін дәлелдейді.

Республикамызда білім беруді оңтайландыру процестері қолға алынуда. Осыған орай оқушыларға мектеп қабырғасында экологиялық білім берудің ең ұтымды әрі экономикалық жағынан тиімді жолдарын іздеу міндеті тұр.

Ол үшін пәнаралық және пәндерді экологияландыру арқылы факультатив сабақ ретінде білім берген дұрыс.

Жалпы білім беретін оқу жүйелеріндегі қалыптасқан жағдайларды ескере отырып «Адам және табиғат» үйірме жұмысының бағдарламасы ұсынылады.

Мақсаты: мектеп оқушыларының бойында экологиялық білім, әдеп, сана мен мәдениетті қалыптастыру

Міндеттері:

- Табиғи қорларды тиімді пайдалану мен қорғауда жеке адамның жауапкершілігін күшейту;
- Қоршаған орта мен адамзат арасындағы үйлесімділікті сәйкестендіру;
- Антропогендік өзгерістер мен қоршаған ортаның ластануына жол бермеу;
- Экологиялық жағдайларға мән беру және экологиялық проблемаларды шешу жолдарын іздестіру;
- Адамның іс-әрекетіне баға беру және адам денсаулығын сақтау;
- Табиғат қорғаудың экологиялық негіздерін білу;

Зерттеу объектісі: «адам-қоғам-табиғат» арасындағы біртұтастықты үйлестіру

Болжам:

Экологиялық таза ортаны сақтау – бұл «адам-қоғам-табиғат» арасындағы біртұтастықты үйлестіру болып табылады, өйткені, қоғам қоршаған ортаның болашақ ұрпақ үшін қажеттілігін сезінеді.

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылардың қоршаған орта туралы білімдері кеңейеді;
- Ғылымға деген қызығушылығы артады;
- Зерттеушілік қабілеті дамиды;
- Экологиялық проблемаларды шешудегі жеке басының жауапкершілігі қалыптасады;
- Алған білімін күнделікті өмірде қолданады;
- Бейіндік біліктілігін дамытады;

Жобаны ұйымдастыру формалары:

- Жеке
- Жұптық
- Топтық

Жобалау, зерттеу әдістері:

- Сұхбат
- Сауалнама
- Ойын
- Пікірталас
- Ақпарат жинау
- Мәселені шешу

Өлшеуіштер:

- В.Т.Беспалько бойынша меңгеру деңгейлері.
- Б.Блум таксономиясы бойынша шығармашылық қабілет деңгейлерін анықтау әдісі.
- Сауалнама.
- Тест.
- Реферат.
- Зерттеу жұмысы.
- Шығармашылық тапсырмалар.

**Адам және табиғат
Барлығы: 17 сағат**

| № | Тақырып | Өтілетін күні |
|----------|--|----------------------|
| 1. | I. Кіріспе | 1 19.09. |
| | II. Айналамыздағы тіршілік | 2 |
| 2. | Бізді қоршаған табиғи орта. | 1 03.10. |
| 3. | Өсімдіктер, жануарлар және адам арасындағы қарым-қатынастар туралы ұғым. | 1 17.10 |
| | III. Адам және табиғат | 3 |
| 4. | Адам мен табиғат арасындағы байланыс. Табиғат кешендері. | 1 07.11. |
| 5. | Өсімдіктер мен ауа арасындағы байланыс. | 1 21.11 |
| 6. | Табиғаттағы тепе-теңдік туралы ұғым. | 1 05.12. |
| | IV. Пайдалы және зиянды заттардың тіршілікке әсері | 3 |
| 7. | Ауладағы қоқыстар, олардың зияны. | 1 19.12. |
| 8. | Өндірістік, ауыл шаруашылығының қалдықтары және тұрмыстық қоқыстар. | 1 09.01. |
| 9. | Қоқыстарды тазалаудың маңызы. Сенбіліктер, олардың рөлі. | 1 23.01. |
| | V. Табиғат қорлары | 4 |
| 10. | Геожүйелер, экожүйелер туралы түсінік. Табиғи қорлардың адам өміріне қажеттілігі. | 1 06.02. |
| 11. | Ауа және су. Олардың тіршілік үшін маңызы және ластанудан қорғау жолдары. | 1 20.02. |
| 12. | Топырақ туралы түсініктер. Топырақтың тіршілік үшін маңызы. Топырақтың ластануы мен тозуы. | 1 05.03. |
| 13. | Табиғаттағы өсімдіктер қоры. Орман – ел байлығы. Табиғаттағы жануарлар қоры. Жануарларды қорғаудың маңызы. | 1 19.03. |
| | VI. Жыл маусымдарына байланысты табиғаттағы өзгерістер | 4 |
| 14. | Күз көріністері. Қураған өсімдіктердің топырақ түзудегі рөлі. | 1 09.04. |

| | | | |
|----|---|---|--------|
| 5. | Қыс көріністері. Қар көшкіндері мен оның зардаптары. Адамның табиғатқа қамқорлығы. | 1 | 23.04. |
| 6. | Көктем көріністері. Көктемгі табиғаттағы өзгерістер. | 1 | 08.05. |
| 7. | Жаз көріністері. Жаздағы табиғаттағы өзгерістер. Оқушылардың табиғат қорғаудағы рөлі. | 1 | 21.05. |

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ә.Бейсенова, Ж.Шілдебаев. Экология. Бағдарламалар. 5-11 сынып. А., «Мектеп», 2005
2. География және табиғат. 2008-2013
3. Орынбаева Г. Оқушыларға экологиялық тәрбие беру. А., «Рауан», 1993
4. С.Б.Лавров, Ю.Н.Гладкий. Глобальная география. М., «Дрофа», 1997
5. Ысқақов С. Табиғатты қорғау дәстүріміз. А., «Қайнар», 1993
6. Экология және табиғатты қорғау. А., «Мектеп», 2002
7. Экология. А., «Рауан», 2000
8. Энциклопедия для детей, «Экология», М., «Росмэн», 1997

Список учащихся

| № | ФИ учащихся |
|----|------------------------------------|
| 1 | Агубаева Томирис Канатовна |
| 2 | Аманжол Нұрай Сайлауқызы |
| 3 | Арыстан Арыслан Мейрамұлы |
| 4 | Арыстанбек Заманбек Төлеубекұлы |
| 5 | Базылбек Ажар Жұмағатқызы |
| 6 | Балтабаев Мирас Омурзакович |
| 7 | Батыр Асылзат Ташкентбайқызы |
| 8 | Баянов Ануар Аскарлович |
| 9 | Бегасыл Адия Абдувалиқызы |
| 10 | Жарас Інжу |
| 11 | Жақсылық Арлан Азаматұлы |
| 12 | Зейнелгабденов Абылайхан Кажетович |
| 13 | Қайрат Ілияс Жасланұлы |
| 14 | Қаражігіт Жадыра Ғабитқызы |
| 15 | Кошкарбаев Мансур Асланович |